

6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбында дайындалған диссертациясына

Пікір

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс Семей облысының әлеуметтік – экономикалық даму тарихы мен оқыту әдістемесі мәселелерін қазіргі ұлттық мүдде тұрғысынан жаңаша әрі жан-жақты қарастырумен құнды болып табылады.

Қазақстан Республикасының президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауында экономикалық саясаттың жаңа моделіне көшудің және халықтың әлеуметтік-тұрмыс сапасын жақсартуға басты назар аударған болатын. Яғни, докторанттың зерттеу жұмысында Семей облысының әлеуметтік-экономикалық өсімнің барынша жоғары қарқынға қол жеткізу міндетімізді іске асыру үшін, экономиканың дамуы, оны одан әрі ырықтандыру, жүйелі реформаны бүгінгі таңда және одан әрі индустриалды-инновациялық өзгерістердің ауқымын кеңейту, т.б. әлеуметтік дамуымыздың алғашқы шарты екендігі ғылыми тұрғыда талдау жасалған. Қазіргі кезде әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты зерттеулер жаңа қырынан танылып отыр. Диссертация жұмысының жеке тақырып ретінде зерттелуі өзекті болып табылады. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі– халықтың әлеуметтік тұрмыстық жағдайына қатысты әлеуметтік-экономикалық қайта құруларды жүргізу қажеттілігін жоққа шығара алмаймыз. Бүгінде экономикалық- әлеуметтік хал-ахуалды түбегейлі жақсарту үшін өткенді саралау өзекті болып табылады.

Диссертацияның бірінші тарауында докторант архив көздерінің үлкен бір тобы негізінде Семей облысының кәсіпорындарының қалыптасуы мен дамуы, олардың қызметі, аймақтағы көлік қатынастары, облыстағы ауыл шаруашылығының даму тарихы мәселелеріне талдау жасаған.

Екінші тарауда, қарастырылып отырған кезеңдегі әлеуметтік кеңістік пен әлеуметтік процестерді сипаттауға арналған, облыс жұмысшыларының әлеуметтік жағдайы, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің материалдық әл-ауқатының дамуы, өңір халқының әлеуметтік-тұрмыстық әл-ауқатын арттырудың негізгі бағыттары жаңаша қырынан ашылған.

Үшінші тарауда автордың ЖОО – да "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша және жалпы орта білім беретін мекемесінде "Өлкетану" оқу курсына өңірдің әлеуметтік-экономикалық тарихын зерделеп, оқытудың жаңа технологиялары бойынша сабақ түрлеріне әдістемелік нұсқаулар әзірленіп, эксперимент нәтижелері келтірілген.

Жалпы алғанда диссертациялық зерттеу жұмысы алдыға қойылған мақсаттары мен міндеттерін орындаған және осы бағыттағы ғылыми зерттеулер қатарын толықтыруға лайықты жұмыс деуге болады.

Байгапанова Айгуль Болатовнаның «Семей облысының әлеуметтік – экономикалық даму тарихы мен оқыту әдістемесі» 6D011400 «Тарих» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін кен көлемді архивтік қорлар негізінде өзі жеке-дара дайындаған диссертациясының қолжазбасын бірегей, толық аяқталған еңбек ретінде бағалап, аталмыш ғылыми дәрежені алуға лайық жұмыс деп есептеймін.

Пікір беруші:

Alikhan Vokeikhan University

Тарих ғылымдарының докторы,

Тарих және география кафедрасының
профессор м.а.



Адилбаева А.С.

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись		
<i>Адилбаева А.С.</i>		
КАДР БӨЛІМІ		
• 05 •	09	2023 ж.ғ.

интернеттегі АТДПТ!

